
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

С.Ж.ЖОЛДАСБАЕВ, Б.Ә.НУРХАНОВ, М.М.БАХТЫБАЕВ,
С.С.МУРГАБАЕВ, Қ.С.АРЫНОВ

2011 ЖЫЛЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҮМЫСТАРЫ

Статья освещает ход и результаты полевых археологических исследований на средневековом городище Сыганак в 2011 году Сыганакской археологической экспедиции. В ходе исследований 2011 года на городище были получены материалы XII – XIII веков. Расчищено место главных ворот города. В результате работ получены материалы позволяющие получить новые сведения о городе Сыганак.

Makalede 2011 yılında Sıghanak şehrinde yapılan arkeolojik çalışmalar söz konusu olur. Çalışma sırasında 12-13.yu. ait kaynaklar bulunur. Şehrin büyük kapısıyla yel temizlenir, yeri kaynaklara ulaşır.

2011 жылды «Ортағасырлық Сығанақ қаласы» атты ғылыми жобасы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009-2011 жылдарға жариялаған Республикалық «Мәдени мұра» гранты бойынша бөлінген қаржыға жүргізілді.

Осы жылды атқарылған далаңық жұмыстарының нәтижесінде Сығанақ қаласының негізгі мәселелерін аптуға мүмкіндік туды. Оларды бірнешеге бөліп қарастыруға болады.

1. Қаланың топографиясы;
2. Қаланың стратиграфиясы;

3. Қаланың мәдени даму кезеңдері. Сығанақ қаласының археологиялық мәдениетінің ерекшеліктері мен жергілікті мәдениетпен сабактастырылады.

Қазба № 6 қалашықтың солтүстік-батыс бөлігінде (қамал бекінісінің орнында) 2009 салынған болатын (Жолдасбаев С., 2009). Қазба 2010 жылды жағастырылып, 2011 жылды материк қабатына жетті. Қазба аумағы 56 м² (14x4 м). 2009 жылды қазба барысында 2 м терендікке жеткізген болатыбыз, яғни 4 ярус ашылды (ярустарың қалыңдығы 0,5 м.), ал 2010 жылды қазбаның терендігі 10-11 ярускa жеткізілді. Қазба барысында 3 және 4 құрылымы горизонттары ашылды, шахристанның 4 құрылымы горизонттына дейінгі сыртқы қамалының жобасы анықталды (Жолдасбаев С., 2010).

2011 жылды мамыр айында қазба барысында сыртқы қамалдың астына биіктігі 0,5 - 1 м келетін тоғырақтан үйілген үйінді ашылды. Үйіндінің үстінен қамыс төсөлген. Үйіндінің үстінен саман кіршілтерден шахристанның сыртқы қамалын қалаған. Қамал бірнеше рет жөндеу жұмыстарынан өткені байқалады. Өйткені жоғарғы қабаты ішіне қарай жылжытылған.

Қазба нәтижесінде керамикалық ыдыстарының көптеген бөліктері және сол заманғы тиындар табылды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде 5-6

С.Ж.Жолдасбаев... 2011 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында...


құрылымың горизонттарының тіршілік жасаған уақытын анықтауға мүмкіндік туды.

2011 жылы қазбаның стратиграфиялық сыйбасы толығымен түсірілді (1-3 суреттер). Материкке жету үшін 8,5 м терендеңдікке түсуге тұра келді. Құрылымың горизонтының деңгейінде құрылымың қалдықтарының орнын анықтауға мүмкіндік тумады. Себебі кезінде жер асты сулары көтеріліп жерді сор басып кеткен. Даулдарын тұз ерітіп жіберген дең айтуға болады. 8,5 м терендеңдікке түсү үшін қазбаның шығыс бөлігінде шурф қазылды. Түбінде нәм топырақ шыға бастағасын қазбаны тоқтаттық.


Стратиграфиясы өте күрделі. Құрылымың қабаттары бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді. Табылған керамикалық ыдыстарының бөліктегі де үқас. 5-6 құрылымың горизонтының керамикалық кешені жоғарғы қабаттағы керамикалық ыдыстарынан өзгеше болып келгенімен, арасында үқастық байқалады. Сонымен бірге көптеген тиындар (жобамен саны 20 дан астам) табылды. Осы материалдар төменгі қабаттардың өмір сүрген кезеңін анықтауға мүмкіндік туғызды.

5 құрылымың горизонты 12 – 15 ярустардың қамтиды. Еденін тазалау барысында күл-коқыс тастайтын шүңқырлардың орны белгілі болды. Оларды тазалау барысында керамикалық ыдыстардың сынық бөліктегі табылды. Олардың құрамында көбінесе кеселер, құмыралар және құтылардың бөліктегі кездеседі.


Құрылымың горизонтының деңгейінде құрылымың қалдықтарының орнын анықтауға мүмкіндік тумады. Себебі кезінде жер асты сулары көтеріліп жерді сор басып кеткен. Даулдарын тұз ерітіп жіберген дең айтуға болады. Тек опактың орны сақталған.



Сурет 1 – Стратиграфиялық кесік. Солтүстік жағы



Сурет 2 – Стратиграфиялық кесік. Оңтүстік жағы



Сурет 3 – Стратиграфиялық кесік. Шығыс жағы

С.Ж.Жолдасбаев... 2011 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында...

Ошак қазбаның онгустік батыс бөлігінен табылды. Жаңында ешқандай құрылыштар байқалмайды. Ошактың диаметрі 65 см. Саз балшықтан шеңбер тәрізді жасалған. Сақталу дәрежесі төмен. Мүмкін таңдырыш қызметін атқарған. Тазалау барысында ішінен еш зат шықпады.

5 құрылым горизонтынан көптеген керамикалық ыдыстардың сыйнық бөліктері шықты. Шамамен 200-ден астам. Оның басым бөлігі – боялмаған керамикалық ыдыстардың сыйнықтары. Олар сапалы иленген, түсі қызыл-сүр балшықтан жасалған. Бірақ ыдыстың ішінін анықтауга мүмкіндік беретін қыш бөліктер ете аз.

6 құрылым горизонтынан да құрылым қалдықтары өте нашар сақталған (4 сурет). Қазба барысында табылған керамикалық бүйімдардың кепсендін көбінесе боялмаған қыш бүйімдар күрайды. Оның ішінде орга кеселер, құмыралар, құмдардың сыйнық бөліктері және т.б. Керамикалық бүйімдарымен қатар малдың сүйек қалдықтары мен шыныдан жасалған бүйімдардың сыйнықтары табылды.

14 ярустың деңгейінде қазбаның онгустік жағында адамның толық емес қанқасы тазаланды. Сүйектері анатомиялық жағынан дұрыс болғанымен кейір сүйектері шашылыш кеткен. Алғашқыда бас сүйегі мен қалған сүйектерінің беті ашылды. Үстінен күл шықкан. Жерлеу шұңқыры анықталмады. Кезінде оны бұзып кетуі мүмкін еді. Жаңында еш зат табылмады.

Қаланың батыс жағына жүргізілген № 6 қазба кесінді қазіргі таңда 8,5 м. яғни 17-ярус, алты құрылым кезеңін анықтады. Қала шахристан бөлігінде өткізілген стратиграфиялық № 6 қазба 2011 жылы көптеген материалдар берді десек қателеспейміз.



Сурет 4 - № 6 қазба. 6 құрылым горизонты

№9 қазба қаланың негізгі ірі қақпасы болыш саналатын шығыс қақпа орнына салынды. Бұл қақпаның екі қабыргасының қазіргі таңдағы сақталу биіктігі екі түрлі - солтүстік бөлігі онтүстігіне қарағанда 2 м шамасында биік. Қазба салынбас бұрын қақпа құрылсының негізгі бөлігі өте қалың өскен сексеуіл мен жыңғыл, жантақ т.б. өсімдік қабатынан тазартылды. Бұл қақпаның топографиялық жобасында құрылыш ерекшелігі анық байқалады. Ол қаланы қоршаған негізгі қамалға жапсарлана салынып, шығыс бағытта шамамен 35-40 м созылып жатыр. Бұл шығысқа бағытталған қақпа құрылсының өзі шыға беріс аузына қарай онтүстік-шығысқа бұрылыш. Бұл жердегі қазбаның жалпы көлемі батыстан шығысқа ұзындығы 35 м, ал ені 14,5 м кейде 8 м қамтиды.

1-құрылыш кезеңі. Алғашқы қазба Сығанақ қаласының негізгі қамалына жапсарлана салынған қақпа құрылсының ішкі бөлігінен, яғни негізгі көшемен жалғасып жатқан бөлігіне дейінгі дәлізден басталды. Салынған қазба көлемі 15x3x0,5 м.

Маусым айында №9-қазбада жұмыстар жалғасын тауып, 15x3 м болыш салынған қазба 30-40 см терендетілді. Қазба барысында қақпа құрылсының батыс бөлігінен қақпа тұғырының орындары ашылды. Оның негізі күйдірілген қышпен қаланған, сыртқы диаметрі 55 см, ішкі диаметрі 20 см. Сақталған биіктігі 2 қатар қыш. Олардың ара қашықтығы 5,2 м. Осы деңгейде еден ашылды және оның кей бөліктерінде күйдірілген қыш сынықтары төсөлгені анықталды. Дегенмен ол барлық бөлікте бірдей сақталмаған. Оған біріншіден, мәдени қабаттың сақталуына кері әсерін тигизетін қалың өсімдік қабаты, екіншіден, бұл қақпа арқылы биылғы қазба басталғанға дейін қала орталығына ауыл тұрғындарының үлкен жүк машиналарымен кіруі себеп болған. Соңдай-ақ, қақпаның ішкі батыс жағында екі қыш қаландының сақталған бөлігі байқалады. Олардың бірі онтүстікте тұғырга жалғастырыла, негізгі қақпа қамалына қатарласа салынған, көлемі 0,5 x 1м, қыш сынықтарынан қаланған. Екінші қаланды да осы бөлікте және қамал қабыргасына перпендикуляр орналасқан, күйдірілген қышпен өрілген. Қыш көлемдері 2,5 x 1,3 м, екі қатар қаланды ғана сақталған. Әйтсе де құрылстың толық дерлік бұзылып кетуіне байланысты жобасында оның басқадай жалғасы табылмады. Осы деңгейде пахсадан қаланған қақпа қабыргасының да ізі байқала бастады. Бұл құрылыш қала қақпасының алғашқыдағы бөлігі құлағаннан соңғы, кейінгі кезеңдерде салынған болса керек.

2-құрылыш кезеңі. Қазба жұмыстары барысында оның көлемі ұзына бойы кенейтіліп (батыс және шығыс жағына қарай), ұзындығы 35 м-ге жеткізілді. Көшпені еден деңгейінде тазалай отырып, көшениң екі жағында сақталған пахса құрылсының қабарғасы анықталды. Сонымен қатар пахсадан жасалынған онтүстік қабырганың сыртқы бөлігін қаптама ретінде күйдірілген қыштан қаланған мұнара (?) орны ашылды. Оның қазіргі кездегі

С.Ж.Жолдасбаев... 2011 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында...

сақталған биіктігі шамамен 1,2 м. Осы қаландының ішкі көше бет жағын терендете қазба салғанымызда 50-70 см терендікте қазбаның оңтүстік-шығыс бөлігінде көлемі 80x30x15 см болып келген құмтас ашылыщ, осы тастан бастап батысқа қарай қүйдірілген қыштан қаланған бордюр қаландысы ашылды. Қаланды пахсадан жасалған қабырға жасырылып қаланған екі қатардан тұрады. Қазіргі таңда оның 4 м ұзындығы ашылды. Биіктігі 4-5 қатар. Көп жағдайда жоғарыдағы дай көлемді құмтастарды қақпаны ұстап тұруға арналған арнаіы тұғыр ретінде пайдаланады.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазбаны шығыс бағытта 30 м кеңейтіп, қаландың сыртқы орынан бастап солтүстік және оңтүстік жағына кенейтіліп ені 14,5 м қазба салған кезімізде, қақпаның кіре беріс аузынан қаланды ізі ашылды. Қазба барысында жобасында тік төртбұрышты болып келген қүйдірілген қыштан қаланған қаланды ашылды. Оның ұзындығы 11,5 м, ал ені оңтүстік жағында 2,6 м, солтүстік бөлігінде ені 5 м. Бұл қаланды барыш пахсадан жасалған негізгі қамалға тіреледі. Қыш қаландының биіктігі әркелкі 1,5-1,7 м. Оңтүстігіне қарата солтүстік бөлігінің биіктігі жақсы сақталған (5-сурет). Алдынға қатар (онтүстік бөлігінде), оның сол жағындағы қаландыда 5 қатар, орта бөлігінде 14 қатар - 10 қатар қыш қаландысы бар. Солтүстік жағында 18 - 13 қатар сақталған. Осы бұрыштағы қаланды арасында арнаіы тігінен қойылған қыш құмыраның төменгі жағы табылды. Оның қандай мақсатта қойылғанын айту қын. Әйтсе де солтүстік бөлігіндегі құрылыштың алдыңғы бөлігінің 2-3 қатары құлаған.

Қаланған қыш көлемдері де әркелкі: 27x27x5, 26x26x5, 23x23x5 см.. Осы соңғы құрылышты 3-құрылыш кезеңі ретінде қарастыру қажет сияқты, дегенмен қазба жұмыстарының аяқталуына байланысты оны шептіп айту қын. Өйткені әзірле тек бұл құрылыштың (платформаның) алдыңғы-шығыс бөлігі ғана ашылды. Келепекте қазба қақпа дәлізімен жалғасқан уақытта оның құрылыш кезеңдері әркелкі болуы да ықтимал.

Қақпаны қазу барысында 3 мыс теңге табылды, оның екеуі тазаланыш, оқылды.

1. Жазуы сақталмаған. Кейінгі фельс. XV-XVI ғғ.
2. Жазуы нашар сақталған, оқуға келмейді.
3. Гүл іспеттес таңба. Жошы шұлы. Жазу: Сарай әл Джадид (Сығанакта басылып шығуы мүмкін). Шығарылған мерзімі XIV ғ. ортасы.

Қазба барысында қақпаның кіре берістегі қүйген кіршілтеп қаланған платформаның құлаандысы арасынан сапалы қүйген кіршілтеп жасалған, әртүрлі көлемдегі және әркелкі ою-өрнекпен кескінделген қаптама плиталар анықталды:

- Құрама қаптама плиталар. Ені 24 см, қалыңдығы 9 см, әр бөліктің биіктігі 17 см. Жиналатын әрбір плитаның формасы – жебе ұпсы тәріздес және бір-біріне шырша жапырағы тәріздес қиылышады. Бетіндегі ою кіршілтеп қүйдірілмес бұрын арнаіы кесіп жасалынған, сапалы қүйдірілген. Өрнекте

ромб, бесбұрыш, үшбұрышты болып келген бөліктерінің ішіне өсімдік орнаменті (гүл, жапырақ, өсімдік сабағы) салынған. Плиталар қилюласқан кезде, бір бөлік бетіндегі өрнекті келесі бөліктегі өрнек толықтырып отыратындағы етіш жасалынған. Бұған ұқсас қаптама плиталар осы қақпаға жақын жердегі сағанадан да табылған болатын. Эйтсе де олар бұндай күрделі құрама емес кәдімгі шаршы немесе төртбұрышты қаптамаларға салынған. Дегенмен бетіндегі өрнек түрлеріне қарағанда олардың жасалу мерзімі шамалас болса керек.



Сурет 5 – Қақпа платформасының солтүстік бұрышындағы қаландысы.

- Қаптама плита. Сақталған бөлігінің көлемдері: ені 12,3 см, биіктігі 4,5 см, ұзындығы белгісіз. Кірпіш қырышық құм аралас саздан құйылған, сапалы күйдірілген. Бұл қаптама плитаның бір бөлігіне ғана салынған шексіздік белгісі іспеттес ою алғашқысы сияқты кесу әдісі арқылы емес, арнайы құйма қалышта жасалған. Бұл плитадағы орнамент алғашқы Қазақ хандығы туындағы өрнекке белгілі бір ұқастықтары бар сияқты. Соңдықтан бұл қаптаманы XIV-XV ғғ. деп түспаладауға болады.


- Қаптама плита. Сақталған бөлігі плитаның бір бөлігі ғана. Қалыңдығы 5,5 см. Бетіне жүзім сабағы тәріздес өсімдік өрнегі салынған. Өрнек беті көгілдір түсті шытырлы бояумен қапталған. Осындағы көгілдір шытырлы бояумен боялған керамиканың да кециңен тараған уақыты XIV-XV ғғ. Дегенмен осындағы бояумен, осы орнаментпен оюланған қаптама терракота Сығанақ қаласындағы бірінші стратиграфиялық кесіктің XII-XIII ғасырларды қамтитын 14 ярусынан, тапшына жаңына тәселген болатын. Соңдықтан осы көгілдір шытырлы бояумен боялған керамиканың мерзімдеу мәселесіне толықтырулар енгізу қажет сияқты.

Оргағасырлық Сығанақ қаласының қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылым болып табылады. Бұл қақпа осы өнірдегі анықталған Сауран, Отырар қалаларының қақпа құрылышынан өзгешелеу. Өкінішке орай,

С.Ж.Жолдасбаев... 2011 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында...

көптеген басқа да ортағасырлық қалалардың қақпасына арнайы қазба жұмыстары жүргізілмеген. Мысалы, Отырар қаласы қақпасының мұнара құрылышы негізгі платформасынан сыртқа шығыңқы етіп салынған, осы ерекшелікті белгілі бір дәрежеде Сауранның қақпа құрылышынан да байқаймыз. Соңдай-ақ бұл екі қақпаның да алдында аспалы көпірге арналған тіреу бар. Сығанақ қаласының негізгі платформасы ғана күйдірілген кірпіштен қаланған, ал екі қапталдағы мұнарасы пахсадан жасалған және негізгі платформа алға 4,5 м шығыңқы болып орналасқан. Платформаның қазіргі анықталған ең биік жері 1,7 м және одан төмен қарай жалғасып жатыр, дегенмен қазба барысында жер асты сұйының шығып кетуіне байланысты тоқтатылды. Бұл жерде айтпағымыз Сығанақтың қақпасында да аспалы көпірге арналған тіреу болуы қажет. Қазіргі жер бедерінен ондай ерекшелік байқалмайды. Оны анықтау үшін келесі жылы қазба аумағын көдейту жоспарланағып отыр.

Қазба № 10 (6-сурет). Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасынан 10 м солтүстікте № 10 қазба салынды. Қазба қаланың негізгі қамалы мен қақпа құрылышының қосылған жерінен бұрыштан салынды. Қазба барысында қамалдың ішкі бөлігінен шағын бөлме ашылды. Ашылған бөлменнің жалпы көлемі 3,9x2 м болып келеді. Бөлменің оңтүстік қабыргасы бұзылып кеткен. Оңтүстік қабыргасының ұзындығы 2 м, ал ені 0,9 м Қабырга ете нашар сақталған. Бөлменің батыс, шығыс және солтүстік қабыргалары жақсы сақталған. Бөлменің шығыс қабыргасы кесектен және қи (малдың тезегі) аралас топырақтан жасылған кесектерден қаланған. Қабырганың кесектері тігінен және қиғаш қаланған. Кесектердің көлемдері 15x30x10 см. Шығыс қабырганың сақталған ұзындығы 7- 8 м, ал ені 0,8- 1 м, биіктігі ішкі жағы 1,2 м, сыртқы жағының биіктігі 0,5 м. Солтүстік қабыргасының ұзындығы 1 м, ені 0,9 м, биіктігі 1,1 м. Бөлме еден деңгейіне дейін жеткізіліп, тазаланды және оргалық белігінен ташнау табылды. Сонымен қатар ташнаудан 1 м солтүстікте ернеуінің диаметрі 0,3 м келетін хұм табылды. Хұм орта беліне дейін еденнен төмен көмілгенді.




Қазба № 11 қазба Оргағасырлық Сығанақ қаласының солтүстік бөлігінде, № 9 қазбадан (Қақпаға салынған қазбадан) солтүстік-батысқа қарай 150 м жерде орналасқан шағын төбөге салынды. Қашықтықта жатыр. Қазбаның жалпы көлемі 22 x 16 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатыр.

Төбешіктің батысынан 8x6 м етіліп алғашқы қазба салынды. Оған қосымша оңтүстік-батыстан 4x6 м ұзартылды. Бұл қазылған квадраттан алғашқы бөлменің нышаны байқалмады. Бірінші қабаты толығымен бұзылып кеткен. Кейіннен солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып келе жатқан қабырғаның шеті шықты. Оны тазалаған кезде бұл қабырғаның ұзындығы 10 м дейін жетті. Бұл не қабырға екенін анықтай алмады.

Осы қабырғадан батысқа қарай және бір қабырғаның ізі байқалды. Оны тазалаған кезде бөлмелердің нышаны байқала бастады (7-сурет). Сонымен екі бөлменің орындары жартылай тазаланды. Бірінші бөлмeden ташнау, суфа және ошақтың орны анықталды. Өкінішке орай бөлме толық тазаланған жоқ, оны келесі жылға қалдыруға үйгартылған.

Екінші бөлме де толық тазаланған жоқ. Оның тек солтүстік шығыс бұрышығана ашылды.



Сурет 7 - № 11 қазбаны сызба жобасы.

Корыта келгенде, 2011 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін айтып өтетін болсақ оған, біріншіден, Стратиграфиялық қазбаны материк деңгейіне жеткізгенізді және қаланың шығыс қақпасын ашуға бағытталған қазба жұмысын бастағанымызды айтуға болады.

Қаланың батыс жағына жүргізілген № 6 қазба кесінді қазіргі таңда 8,5 м, яғни 17-ярус, алты құрылым кезеңін анықтады. Қала шахристан бөлігінде өткізілген стратиграфиялық № 6 қазба 2011 жылы көптеген материалдар берді десек қателеснейміз. Соның ішінде қаланың мәдениетін анықтауға мүмкіндік тұғызатын керамикалық бүйімдерінің кешенін арнайы атап қажет. Алынған керамикалық т.б. материалдар қала XIII–XVIII ғғ. үздіксіз тіршілік жасаганын дәлелдейді. 6 құрылым қабатында табылған олжалар осы құрылым қабаты XIII–

С.Ж.Жолдасбаев... 2011 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында...

XIV ғғ. сәйкес келетінін көрсетеді (Жолдасбаев, 2011). Оған негіз болатыны осы қабатта табылған керамикалық бүйімдар Отырар қаласының VII құрылымынан шыққан бүйімдарға сәйкес келуі. Сонымен бірге бұл құрылымынан қабатында өтпелі кезеңнің керамикалық бүйімдары табылғаны қала негізінде одан да бүрын тіршілігін бастағанын көрсетеді. Дегенмен, қазіргі уақытта біз тек қана қаланың XIII ғасырда өмір сүргені туралы айта аламыз.

Сонымен бірге X–XII ғғ. жататаны керамикалық бүйімнің бөлігі табылғаны қала сол кезде де өмір сүргенін дәлелдеуге болатынын көрсетіп отыр.

Яғни жазба деректерде X ғасырдан бастан кездесетін Сығанақ қаласының орнын анықтау (локализациясы) әлде де ашық мәселе болыш қалып отыр. VI құрылымы горизонты Жошы дәуірінің, яғни XIII–XIV ғғ. материалын беріп отыр. Бұл кезеңде де қала өте белсенді өмір сүргені көрініп түр.

Сонымен, стратиграфиялық қазба көптеген тарихи ақпарат беріш, қаланың мәдени өмірін зерттеуге мүмкіндік туғызып отыр.

2011 жылы негізгі қамалға жапсарлана орналасқан жобасы да өте күрделі қақпа құрылымының бір белгі ашылды. Ортағасырлық Сығанақ қаласының қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылым болыш табылады. Өкінішке орай көптеген басқадай оргағасырлық қалалардың қақпасына арнайы қазба жұмыстары жүргізілген. Бұл қақпа осы өңірдегі анықталған Сауран, Отырар қалаларының қақпа құрылымынан өзгешелуе. Бұл екі қаланың қақпаларында аспалы көпірге арналған тіреу бар. Сығанақ қаласының негізгі платформасыға күйдірілген кірпіштен қаланған, ал екі қапталдағы мұнарасы шахсадан жасалған және негізгі платформа алға 4,5м шығындық болыш орналасқан. Платформаның қазіргі анықталған ең биік жері 1,7м және одан төмен қарай жалғасып жатыр, дегенмен қазба барысында жер асты суының шығып кетуіне байланысты тоқтатылды. Бұл жерде айтпағымыз Сығанақтың қақпасында да аспалы көпірге арналған тіреу болуы қажет. Қазіргі жер бедерінен ондай ерекшелік байқалмайды. Оны анықтау үшін келесі жылдық қазба аумағын кеңейту жоспарланып отыр. Шығыс қақпасындағы осы жолы бастилған қазбаның нәтижесі бойынша 3 құрылым кезеңі анықталып отыр. Ең жоғарғы құрылымынан көзекі XVI–XVII ғғ. қамтиды. Ал қақпаның ең алғашқы құрылымы кезеңін алдағы жылдардағы қазба жұмыстарының нәтижесіндеға анықтауға болады.

№ 10 қазба қаланың қорғанының үстінен салынған бөлмелерлі ашты. Бұл қазба қала тұрғындарының мәдение-тұрмыстық өмірін көрсетуге материалдар береді.

№ 11 қазба толық аяқталған жоқ. Негізгі мақсаты қаланың тіршілік жасаған соңғы кезеңнің мәдениетін көрсетуге бағытталған. Әсіресе тұрмыстық бөлмелер, бөлмелердегі ошақтары мен шаруашылық құрылымдар өте қызықты болыш келеді.

Бұзылып жатқан қаламыздың тарихи беттерін қайта ашып, ашық аспан астындағы музейге айналдырысақ өткен тарихымыздың беті қайта ашылып, жаңа өмірмен жалғасып қайта табар еді. Соңда біздің мәдени мұраларымыз ез елінің иглілігіне жараған болыш табылады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009-2011 жылдарға жариялаған мемлекеттік «Мәдени мұра» гранты бойынша Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында орындалған Ортағасырлық Сығанақ қаласы ғылыми жобаның 2009 жылғы (аралық) есебі. – Түркістан, 2009. - 61 б. // ХҚТУ АҒЗО архиві, кітап №7^a.
2. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Арынов К. 2010 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (аралық есеп) –Түркістан, 2010. – 107 б. // ХҚТУ АҒЗО архиві, кітап №8^a.
3. Жолдасбаев С., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Арынов К. 2010 жылы Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (аралық есеп) –Түркістан, 2011. – 133 б. // ХҚТУ АҒЗО архиві, кітап №9^a.

REZUME

S.ZH.ZHOLDASBAYEV, B.O.NURKHANOV, M.M.BAKHTYBAYEV,
S.S.MURGABAYEV, K.S. ARYNOV (Turkistan)

**ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT AN ARCHAEOLOGICAL SITE IN 2011
SYGANAK**

The article reports on the progress and results of the field of archaeological research on the medieval settlement in 2011 Syganak archaeological expedition. During issleovany 2011 on the site were received XII - XIII centuries. Cleared as the major gate. As a result, the work received materials provides new information about the city Syganak.